

## Суармалы жерлердегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері белгіленуі туралы

### *Күші жойған*

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 4-26 шешімі және Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 16 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қаратал ауданының әділет басқармасында 2008 жылы 20 ақпанда N 2-12-68 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 16 қарашадағы N 29-137 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2009.11.16 N 29-137 шешімімен*

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 50-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына, 31-бабының 1-тармағының 10-тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қаратал ауданы бойынша суармалы жерлердегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің пайдалану ерекшеліктері ескеріле отырып, ең аз мөлшері 1 гектар болып белгіленсін.

2. Осы бірлескен шешім мен қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Қаратал аудандық мәслихатының  
сессия төрайымы:  
С. Дәркенбаева*

*Аудан әкімі:  
Қ. Медеуов*

*мәслихатының хатшысы:*

*Қ а р а т а л а у д а н д ы қ  
М. Рақымбаев*